

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ДА ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ 18 УЧАСКЕ АНЫҚТАЛЫП, ОЛАР АДАМДАРДЫҢ ЖАРАҚАТТАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖИІ ТІРКЕЛЕТІН НҮКТЕЛЕР БОЛЫП ОТЫР. БҰЛ – ШЫМКЕНТ, АЛМАТЫ, АҚТӨБЕ, СЕМЕЙ, ЖАМБЫЛ, ҚАРАҒАНДЫ Өңірлерінің станциялары мен аралықтары. Арнайы нұсқауға сәйкес бұл қауіпті учаскелерде машинистер пойыз жылдамдығын азайта отырып, барынша сақтықпен өтуге тырысады».

Ниязбек ЖАҒАБАЕВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті  
директорының орынбасары



№40 (2755)  
31/05/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### В ФОКУСЕ ОБЩЕСТВА

**В АО «НК «ҚТЖ» прошло заседание Общественного совета АО «Самрук-Қазына» под председательством главы общественного совета АО «Самрук-Қазына» Болате Жамишева, в ходе которого рассмотрены производственные и финансовые результаты компании за 2021 год.**



**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Нур-Сұлтан

Сегодня АО «НК «ҚТЖ» осуществляет 50% грузооборота и 75% пассажирооборота в стране. Национальная компания активно поддерживает отечественный бизнес через механизм Offtake-контрактов. За последние годы у казахстанских производителей приобретено порядка 500 локомотивов, более 3 000 вагонов и платформ, около 500 тысяч тонн рельсов и другой железнодорожной продукции.

Так, 2021 год группа компаний ҚТЖ завершила с положительными показателями. Тарифный грузооборот составил 233 миллиарда тонно-километров, контейнерный транзит превысил миллион ДФЭ. Финансовый результат компании достиг почти 120 миллиардов тенге. Улучшено корпоративное управление. Рейтинговое агентство S&P

повысило долгосрочный рейтинг АО «НК «ҚТЖ» до уровня «ВВ».

– Деятельность ҚТЖ очень важна для экономики страны. Мы как общественный совет стараемся максимально полно донести до руководителей холдинга те предложения, которые прозвучат, – подчеркнул Болат Жамишев.

Несмотря на достигнутые результаты, в компании остается проблема большого размера долга. Долю обязательств ҚТЖ в «твердой» валюте за последние три года удалось снизить с 57% до 36%. По состоянию на 1 мая текущего года консолидированный долг АО «НК «ҚТЖ» составил 1,9 триллиона тенге (по номиналу), из них 36% в «твердой» валюте.

– Мы кэшем заработали в 2021 году 346 миллиардов тенге. Из них

331 миллиард потратили на наше текущее капитальное положение. На погашение долгов ничего не остается, – отметил управляющий директор по финансам АО «НК «Қазақстан темір жолы» Даир Кушерев.

Как сообщили представители ҚТЖ, для решения проблем компании требуется принятие комплексных мер, в том числе пересмотр тарифов. На сегодняшний день действующая тарифная система не отвечает требованиям конкурентного рынка. Она была сформирована в условиях отсутствия на рынке грузовых перевозок частных перевозчиков. По словам заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по стратегии и цифровизации Ануара Ахметжанова, компания не против конкуренции.

– Однако необходимы системные меры по выработке конкурентных

механизмов в грузовых железнодорожных перевозках. Кроме того, тарифом не охвачены расходы компании на повышение заработной платы работникам, – подчеркнул он.

Кроме того, АО «НК «ҚТЖ» уделяет большое внимание социальному положению своих сотрудников и развитию кадрового потенциала. Только за минувший год зарплата производственного персонала была повышена на 20%, с января текущего года – на 30%. За два года на эти цели по группе компаний было направлено свыше 130 миллиардов тенге. С начала 2022 года заработная плата железнодорожников превысила средний уровень по стране.

Особое внимание в компании уделяется улучшению условий труда, предупреждению производственного травматизма. В 2021 году на мероприятия по охране труда направлено порядка 14 миллиардов тенге.

Члены Общественного совета были проинформированы о крупных инфраструктурных проектах компании, в том числе модернизации железнодорожного коридора Достык – Мойынты, включенного в национальный проект «Сильные регионы – драйвер развития страны». Его реализация повысит скорость перевозки грузов и увеличит пропускную способность железнодорожной инфраструктуры по транзитному коридору Китай – Европа – Китай в пять раз. Кроме того, компания планирует строительство железнодорожной линии Дарбаза – Мактаарал и обходной линии Жетыген – Казыбек бек в обход станции Алматы, которая позволит «расширить» инфраструктурные ограничения на МГСП Сарыагаш и Ташкентском узле. Обходная линия Жетыген – Казыбек бек обеспечит разгрузку Алматинского узла за счет переориентации грузопотока и сократит время доставки грузов.

*Фото автора*

### ҚАНТ ТАСЫМАЛЫ – БАҚЫЛАУДА



ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясымен бірлесіп, өңірлерге қант пен қант шикізаты кедергісіз жеткізу мәселесін шешті.

28 мамырдан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ облыста стратегиялық тауарды үздіксіз жеткізу үшін өнім тиелген вагондардың өткізілуін ерекше бақылауға алды. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағы бойынша темір жол көлігімен қант тиелген 152 вагон тасымалдануда. Бұдан басқа, темір жол арқылы өңдеуге арналған құрғақ қант шикізаты бар 116 вагон жолға шыққан.

Отандық зауыттардың қант өндірісіне құрғақ қант шикізаты үшін елдерден тарифтік жеңілдік шеңберінде жеткізілуде. Облыс әкімдіктеріне жеткізілетін қанты жедел қабылдау мен таратуды қамтамасыз ету ұсынылып отыр.

Отандық зауыттарда қант өндірісі тоқтамақ емес, оны өңірлерге үздіксіз жеткізу жүзеге асырылып, өнім қоры үнемі толықтырылып отырады. Өйткені, Үкімет елді қантпен қамтамасыз ету мәселесін тұрақты бақылауда ұстап отыр.

*Ислам ТАЛҒАТ*

### КРЕАТИВНЫЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ, АЛҒА!

Завтра в АО «НК «ҚТЖ» стартует конкурс профсоюзной рекламы «Алға, ПРОбивной ПРОфсоюз», приуроченный к 30-летию ОО «Казпрофтранс». Прием конкурсных работ продлится до 1 сентября.

Основной целью конкурса является повышение имиджа отраслевого профсоюза среди железнодорожников, и особенно молодежи, создание и популяризация социальной рекламы, раскрывающей современный имидж профсоюзного движения и профсоюзного лидера, а также формирование у железнодорожников активной жизненной и гражданской позиции, развитие и поощрение их творчества и креативности.

Организатором выступает ОО «Казпрофтранс». Стоит отметить, что «Алға, ПРОбивной ПРОфсоюз» проводится отраслевым профсоюзом впервые – в 2015 году свои творческие способности в нем проявили более 50 железнодорожников из разных регионов страны.

В юбилейный для профсоюза год попробовать свои силы в конкурсе могут все желающие, независимо от возраста и стажа работы в отрасли. Единственное условие – быть членом отраслевого профсоюза. При этом участвовать можно как индивидуально, так и командой первички предприятия.

Конкурс предусматривает шесть номинаций: «Социальный видеоролик»; «Социальный плакат» (баннер, билборд, листовка, памятка); «Социальный интернет-контент» (картинки-постеры, рилс, мемы, карикатуры, комиксы, GIF-анимации); «Социальный проект в социальных сетях» (рубрика, флеш-моб, викторина); «Социальный проект, направленный на поддержку детского творческого потенциала, пропаганду здорового образа жизни» и «Лучшие иллюстрации к Коллективному договору».

Организаторами также предложены такие темы, как «Профсоюз – коллективная сила», «Молодежь и профсоюз – эффективный тандем», «Безопасный труд – право каждого человека», «Социальное партнерство – это...», и другие.

«Алға, ПРОбивной ПРОфсоюз» пройдет в три этапа. Первый – прием конкурсных работ, который продлится с 1 июня по 1 сентября этого года. Второй – подведение оргкомитетом итогов конкурса (с 1 сентября по 1 октября). И третий – награждение победителей. Торжественная церемония состоится на расширенном заседании Центрального совета профсоюза по итогам проведения юбилейных мероприятий в честь 30-летия Казпрофтранса.

Более подробно информацию о конкурсе можно получить на сайте [www.kazproftrans.kz](http://www.kazproftrans.kz) и в официальных аккаунтах организаторов в социальных сетях.

*Любовь РОББА*

**Азамат МАНГИТАЕВ,**  
главный менеджер  
Технического центра,  
внутренний тренер  
АО «НК «ҚТЖ»:



**ТРЕНИНГ ПО РАЗВИТИЮ РАЦИОНАЛИЗАТОРСТВА ПОМОЖЕТ ОТВЕТСТВЕННЫМ СОТРУДНИКАМ ҚТЖ СОВМЕСТНО С НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКИМИ ЦЕНТРАМИ ОТДЕЛЕНИЯ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ ПРОВОДИТЬ ОБУЧЕНИЕ ПО РАЦИОНАЛИЗАТОРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЛЯ СВОИХ КОЛЛЕГ НА МЕСТАХ.**

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ АЙЫНДА ҚҰРЫҚ ПОРТЫ ПАРОМ КЕШЕНИНДЕ  
**154**  
ЖҮК КЕМЕСІ ӨңДЕЛГЕН.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША БИЫЛ ЖАЗ МАУСЫМЫНДА ЖОЛАУШЫ ПОЙЫЗЫНЫҢ  
**158**  
БАҒДАРЫ ЖОСПАРЛАНҒАН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ БЕС АЙДА  
**25**  
АДАМДЫ ПОЙЫЗ ҚАҒЫП КЕТКЕН.

### Семинар

## КЕЛІСІМ АСПЕКТІЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінде жұмыс беруші мен жұмыскердің құқығы айқын көрсетілгенмен, кейде түрлі ахуалға байланысты даулы мәселе туындап, екі тарапты әуре-сарсаңға салатын кез де болады. Сондықтан осындай келеңсіз жайттардың алдын алуда келісім комиссиясына жүктелетін салмақ жеңіл емес.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Қызылорда темір жолында келісім комиссиясы мүшелерінің аймақтық семинары өтті. Жиналғандар осы салада аса тәжірибелі маман, ҚР Президенті жанындағы еңбек құқығы сарапшысы, құқықтық кеңес мүшесі Бибігүл Нұрашеваны тыңдап, талай құнды ақпараттарға қанықты.

Түрлі ситуациялық мәселелерге жауап іздеуден басталған семинарда жұмыс кезінде жолығуы мүмкін жайттардан мысалдар келтіріліп, олардың шешілу жолдары қарастырылып, түсіндіріліп, ұсыныстар да жан-жақты сарапқа салынды. Мысалы, жұмыс беруші мен жұмыскер арасында туындаған кейбір мәселелерді шешуде тығыздыққа тірелетін келісім комиссиясы мәселенің шешімін өкілетті маманның көрсеткен қағидалары негізінде жүргізуге тұжырым жасауы мүмкін. Бұл екі тарапқа да тиімді әрі оңтайлы жол саналады. Алайда ұжымдық келісімшарт не Еңбек кодексінің баптарына жүгінген дауласушы тараптар әртүрлі белгілі-белгісіз себептермен даудың шешілуін қиындатуы мүмкін, мұндай жағдайда барлық шараның заң қағидаларына негізделетінін ескермеген тараптардың қиындықтарға тап болуы



заңдылық екені де семинарда жан-жақты түсіндірілді.

– Еңбек Кодексіне соңғы 6 жылда 21 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл жаман емес, себебі мұның бәрі жұмыс беруші мен жұмыскердің мүддесін қорғау үшін жасалған шаралар деп қабылдаған жөн. Бүгінгі семинарға қатысушылардың әрбірін толғандыратын сауал бар, олардың жауабын осы жерде, сіз бен біз бірге табатын боламыз. Бұл – тәжірибе жетілдіру, білім мен машық арттыру тәсілі. Өз тарапымынан айтылған ұсыныстардың алдағы уақытта құзырлы органдар тарапынан ескеруге тиіс екендігін және де соған орай іс-қимыл жасау қажеттігін назарда ұстайтын боламын, – деген лектор Ұлттық компанияның басшылық құрамымен

жұмыс барысында кездесулер өткізілетінін, бірқатар ұсыныстар айтылатынын да жеткізді.

Кейде өз еркімен жұмыстан шығуға мәжбүр болған жұмыскердің арада белгілі бір уақыт өткеннен кейін өзінің жұмыстан шығарылуын заңсыз деп қайта арызданатыны, ал кейбіреулердің жұмыс беруші тараптың қысымына ұшырадым деп шағымдануы сынды жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы қарым-қатынаста кең тараған жағдай да талқыланп, оның шешімін табу нұсқалары да қаралды. Семинарға қатысушылар лекторға түрлі сауалдар қойып, кейбір даулы мәселелерге байланысты пікірталас та өрбіді.

Жұмыс соңында барлық тыңдаушыларға сертификат табысталды.

*Суретті түсірген автор*



## АТЫРАУ ДА ҚҰММЕН КҮРЕСІП ЖАТЫР

**Қосұым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



КӨКЕЙКЕСТІ

Құммен күрес Атырауда да өзекті болып тұр. Маңғыстаудың жал-жал құм басқан сайын даласы болмаса да жаз айларында құм суырып, топырақ басатын жерлер мұнда да бар.



Сондықтан өңірдегі темір жол бойында құммен күрес жұмыстары – әсіресе жазғы мезгілде айтулы мәселенің бірі. Әсіресе, Атырау дистанциясы телімі бойынша Атырау-Исатай, рзд. №11-Сазанқұрақ, рзд. Нарын-рзд.№14, рзд. №15-станция Аққыстау, Құлсары жол дистанциясы Құлсары-Бейнеу теліміне қарасты рзд. №60, Толтыр станциясы, рзд. №461, рзд. Шоқпартоғай, Толтыр станциясы-№465 разезд аралығында жолды құм басу жағдайы соңғы он күндікте күшейіп тұр. Жаз шыға аңызға келсе, үнемі борап тұратын топырақ пойыздың қалыпты жылдамдықпен жүруіне кедергі келтіреді.

Сондықтан бүгінгі таңда жолшылар бригадалары құм басқан жерлерді аршуға жұмылдырылып, олар жолды тазартуға СМ-2, СДПМ қар тазалау машиналарын қолданып жатыр. Бірақ техниканың шамасы жете бермейтін жерлерді қолмен тазалауға тура келеді. Топырақ жауын сумен араласса, балшыққа, ұзақ жатып қалса, тасқа айналады. Сондықтан оны дер кезінде аршып отырудың маңызы зор. Биылғы көктемгі тексеру барысында да осы мәселеге ерекше мән берілді және күн тәртібінен түскен жоқ.

Бас ревизор Жәнібек Сауровтың айтуынша, аймақтың табиғи ерекшеліктеріне сәйкес батыс өңірлерінде жолдарды құман тазарту жұмыстарын үнемі жүргізіп отырған абзал, алайда олар соған арналған арнайы құралдармен жасалуы тиіс, әйтпесе өмірге қауіпті жағдай орын алады. Сондықтан, жолды құман тазарту жұмыстарын технологиялық талапқа сай ұйымдастыру қажет.

## ТҮБЕКТЕГІ КЕЗДЕСУ

**Айсұлтан АРМАН,**  
Маңғыстау



РЕФЕРЕНДУМ

Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршин Мұнайлы ауданында Маңғыстау теміржолшыларымен кездесті.



Маңғыстау қосалқы бөлімшесінде өткен жиында Мәжіліс депутаты ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты әңгіме өрбітіп, өзгеріс енгізілетін бағыттар туралы баяндап берді. Елдің Ата Заңына әр азаматтың жауапкершілікпен қарап, алдағы референдумға белсенді қатысуға шақырды. Конституция белгілі бір топтың мүддесі үшін ғана қызмет ететін қағаз емес, мемлекеттік маңызы бар құнды құжат екенін айтып, оңтайлы өзгерістер Отанымыздың дамуына жол ашарына сенім білдірді.

«Референдум тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпілістер мен сілкіністер әкелетін үлкен саяси реформа болғалы тұр. Мемлекет басшысының Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуден бастауы – құлтарлық іс. Енді осыған жүрегі елім, жерім, туған Отаным, халқым деп соғатын әрбір азамат белсенді түрде қатысып, өзінің ойын еркін білдіруі қажет», – деген Мәжіліс депутаты түбек теміржолшыларын толғандырған сұрақтарға да жауап берді.

Суретті түсірген автор

## ӨНЕРТАПҚЫШҚА ӨРІС КЕН



РАЦҰСЫНЫС

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы өткен жылы салалық жарыстың жеңімпазы атанды. Ұлттық компания бойынша өтетін байқауда бағы жану – кез келген кәсіпорынға бұйыра бермейді. Дистанциялықтар бірауыздан бұл ең алдымен өз орталарындағы өндірісті өрге сүйреген өнертапқыштар еңбегі деседі.

**Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Техникалық өндірістік құжаттар бөлімі – дистанцияның «жүрегі», оның еркін тыныстауын қамтамасыз ететін ерекше бөлім. Мұнда техникалық құжаттарды көз майын тамызып оқитын, иінемен құдық қазғандай зерттеп-зерделейтін Нұрлан Жәнібеков бастаған кіл сауатты мамандар жұмыс істейді. Нұрлан Аймахан, Жанна Абдуайтова, Ақмарал Қалиева және Айқын Абылбековалардың қай-қайсысы да осал емес. Олар дистанция телімдерінде орналасқан байланыс құрылғыларының техникалық құжаттарын жергілікті учаскелерге сәйкестендіріп, қажет жерінде сызбасын сызып, нормативтік құжаттамалар әзірлейді. Мәселен, өткен жылы Шиелі станциясы мен 20-бекет, Керкелмес және Бөріойнақ бекеттерінде станциялық жолдардың ұзартылуына сәйкес, Жосалы-Қызылорда, Қызылорда-Шиелі және Шиелі-Түркістан учаскелерінің микропроцессорлы автоматтандырылған диспетчерлік орталықтандыру (МП-АҚДЦ) жүйесіне көшірілуіне байланысты техникалық құжаттарды талап деңгейінде әзірлеп,

нормативтік актілерді дайындаған осы бөлім. Алдағы уақытта АСУШ және АРМ-ВТД жүйесін өндіріске кеңінен қолданудың кешенді жоспарларын игеруді қолға алып отыр.

Байланыс құрылғыларының техқұжаттарын нормативтік құжаттарға сәйкестендіріп рәсімдеумен қатар жаңа технологияларды технологиялық құжаттарға сәйкес жергілікті учаскелерге бейімдеп өзгерту және де оны құзырлы органдар тарапынан дәлелдеп бекітуі оңай жұмыс емес. Дистанцияның тіршілік көзіне айналып отырған осы бөлімді басқарып отырған Нұрлан Жәнібеков – еңбек жолын жоғары білім алған соң Жалағаш станциясында аға электромеханик болып бастаған маман. Соңғы бес-алты жылдың көлемінде жылына кемінде бес рационализаторлық ұсыныс енгізіп, олардың өндірісте кеңінен қолданылып, тиімді табыс әкелуіне мұрындық болып жүрген өнертапқыш-инженер өз ісінің нағыз шебері. Мысалы, оның өткен жылы қорғаған «Дизельді генератор қондырғысын (ДГА) ЭЦ қондырғыларына қосу» атты рационализаторлық ұсынысы 2011 жылы өндіріске енгізілген микропроцессорлы Рса Power маркалы дизель қондырғыларына қатысты жасалып, қазіргі



таңда теміржолда кеңінен қолданылуға. Ал, аймақтағы Анакөл, 16 бекет, Қызылорда және Жалағаш станцияларында Рса Power дизель қондырғылары Нұрланның рационализаторлық ұсынысымен жергілікті учаскелердің ерекшелігіне сәйкестендіріліп, өзгерген нұсқада жұмыс жасап тұр.

Нұрланның тағы бір рационализаторлық туындысы – «Блок пен релелерді тексеру стэндісі» де өндірісте кеңінен қолданыста. Мұндағы ерекшелік техникалық жөндеу учаскелерінде теміржол автоматикасы мен механизмі құрылғыларының жұмыс сапасын тексеруді жетілдіру болып табылады. Құрылғылардың өндірістік жұмыс кезінде жұмыстан тыс қалуын жан-жақты зерттей келе аталған тетіктерді тексеру стэндісі жасалған екен. Дистанция өнертапқыштары туындылардың сынақтан өтіп, техқұжаттарының жасалуына бір кісідей атсалысқан.

Суретті түсірген автор

## Айлық

### ҚАУІПТІ АЙМАҚТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қазақстан темір жолының өн бойында 16 мамырдан 16 маусымға дейін жарияланған «Темір жол – қауіпті аймақ» айлығы өтіп жатыр. Әсіресе жазғы демалысқа шыққан балалар теміржол маңын ойын алаңына айналдырмас үшін жер-жерде профилактикалық жұмыстар басталды.

**Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,**  
Белкөл станциясы

Мектеп оқушыларымен, олардың ата-аналарымен кездескен теміржолшылар мен тәртіп сақшылары балаларды қауіп-қатерден сақтандырып, жол бойында тәртіп сақтауға шақырды. Белкөл станциясында өткен кездесуде балаларға өткен-кеткен пойыздарға тас атып, рельс үстіне шеге, басқа да заттар қойып қызықтаудың соңы ауыр қылмыстық оқиғаға апарып соғатыны түрлі мысалдармен түсіндірілді.

Бұдан бөлек, станция бастығының орынбасары Ербол Сембиев, ЭТЖК өкілі Жандос Тарманов, Қызылорда жол дистанциясының инженері Майра Бадрақова, станциядағы ЖІПБ ӘПБ инспекторы Берік Аққалиевтан құралған топ станция өткелдерінде рейд өткізді. Алайда рейд кезінде жолдан өту ережесін ересекел бұзғандар өз қателіктерін мойындап, «бәрін түсінген» болса да былай шыға бере сол өздерінің үйреншікті соқпағына



түсіп, тағы да қиыс басып кете беретіні жасырын емес деп қынжылады теміржолшылар.

– Рейд кезінде теміржолды тек арнайы белгіленген орындардан кесіп өту керектігі, бағыттамалық бұрмалар орналасқан маңнан өтуге болмайтыны, уақыт пен жолды қысқартамын деп қателікке ұрынбауды қайталап айтудан келеміз, бірақ оны тыңдайтын да, тыңдамайтын да адам бар, амал қанша, біз қауіпті аймақтағы қауіпсіздік әрбір жанның санасына сіңгенше профилактикалық жұмысты жалғастыра беретін боламыз, – дейді станция бастығының орынбасары Ербол Сембиев.

Суретті түсірген автор

**Ардан СЕРДАЛЫ,**  
Жіңішке станциясы

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» аймағына қарасты Жіңішке станциясында қауіпсіздік айлығы аясында сақтық шаралары күшейтілген. Станция басшылығы желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп тұрғындар теміржолды кесіп өтетін жерлерде рейд өткізуде.

«Желілік полициямен бірлесіп теміржолдағы қауіпсіздік, бөгде адамдардың кіруіне тыйым салу шараларын жүргізудеміз. Станция аумағында орналасқан № 36 орта мектеп, Махамбет тұрғын алабы және азық-түлік дүкеніне келушілер арасында әкімшілік жауапкершілік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздікті сақтауға арналған хабарландырулар ілінді. Тұрғындардан темір жолдан өтерде сақ болуды қайта-қайта сұраймыз, – дейді Жіңішке станциясының бастығы Талғат Сағынов.

Жалпы, биылғы жылдың бес айында тиісті құрылымдардың күш салуымен темір жолға жақын орналасқан тұрғын үйлер тұрғындары арасында теміржол көлігіндегі тәртіп ережелерін түсіндіру бойынша 4 рет кездесу ұйымдастырылған. Қажет болған жағдайда адамдар жиі өтетін жерлерге ескертулер мен белгілер орнатылып, ескілері жаңартылады. Жыл басталғалы станцияда теміржол арқылы өтетін жерлерде 5 ескерту белгісі жаңартылып, өткелге 3 металл қалқан орнатылған, аялдамаларға, дүкендерге және сауда орындарына ескертулер ілінген.

Ал мектеп оқушыларымен кездесуде теміржолшылар оқыс оқиғалар туралы ақпараттандырып, ескерту парақшаларын таратты.

## ӨЗ ӨМІРЛЕРІН ҚАТЕРГЕ ТІГЕДІ

Теміржол бойы – қауіпті аймақ. Бірақ, жергілікті тұрғындардың жауапсыздығынан жазатайым жағдайлар көбейген. Жолаушыларды сақтыққа шақырған теміржолшылар дабыл қағып отыр.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Биыл үш айда ел аумағындағы теміржол бойында 158 рет мал басу оқиғасы болды. Адамдардың қатысуымен орын алған 18 жағдайдың екеуінде балалар зардап шеккен. Оның бірі Ағадыр станциясында болса, екіншісі Жіңішке станциясында тіркелді. Ақтөбе станциясының бастығы Нұрлан Ермағамбетов желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп рейдтік іс-шара кезінде құлақтарын құлаққаппен бітеп



алып, теміржол бойында қаннен қаперсіз кетіп бара жатқан талай жасөспірімді тоқтатып, олармен профилактикалық әңгімелесу өткізді.

«Жазғы каникулдың басталуымен мектеп жасындағы балалардың бос уақыты көбейеді. Жұмыстағы ата-аналар

балаларын қараусыз қалдырады. Сақтықта қорлық жоқ, әсіресе теміржол сияқты қауіпті аймақта сақтық аса қажет. Міне, мынау құлаққап сияқты бір кішкентай нәрсенің өзі адам өлімінің себепшісі болатынына мән бермейміз. Өзім күз болған бір оқиғаны мен ылғи да қай-

талап айтудан жалықпаймын, біреу болмаса біреуге сабақ болар деймін. Көз алдымызда құлаққап киген ересек адамды жылжымалы құрам қағып кетті. Ол адам біздің айғайымызды да, тепловоздың даусын да естімей жол үстімен кетіп бара жатты. Соңынан жүгіріп жетеміз дегендер де үлгермеді. Қас қағым сәт...», – дейді Ермағамбетов.

Ақтөбе станциясы қаланың қақ ортасында орналасқан. Мәскеу ауданының тұрғындары теміржол өткелі арқылы вокзал аялдамасына келеді. Немесе, керісінше, вокзал жанындағы мектеп пен колледж оқушылары мен студенттері Мәскеу ауданындағы жатақханаға, үйлеріне барады. Көпшілігі аспалы көпірді пайдаланбайды. Жолды қысқартып, өткелдерді кесіп өтуге әуес. Тұрғындар жеке қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін сақтауға құлықсыз. Сөйтіп, өз өмірлерін қатерге тігеді дейді теміржолшылар.

Суретті түсірген автор



## НА РАБОТУ КАК НА ПРАЗДНИК



КОНКУРС

**Илецкие железнодорожники подвели итоги внутренних соревнований «Лучший по профессии» за первый квартал текущего года. Победители получили ценные призы и хорошее настроение.**

**Анна МАРЬИНА,**  
Илецк

Как отметила инженер-технолог пункта технического осмотра (ПТО) станции Илецк Рамиля Нуржауова, по филиалу ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – Илецк для улучшения социального настроения, уровня и качества жизни работников, их удовлетворенности условиями труда и заработной платой, а также взаимодействия в трудовых коллективах проводится ряд мероприятий.

В их числе разьяснительная работа по вопросам оплаты труда, начисления доплат и надбавок, положений Трудового кодекса, по льготам и гарантиям Коллективного договора, предоставление путевок на санаторно-курортное лечение, организация летнего оздоровительного отдыха детей работников, выезды сотрудников и детей в театр музыкальной комедии г. Оренбурга.

В ходе проведения весенних и осенних осмотров прилегающие



территории структурных подразделений филиала, рабочие и бытовые помещения, комнаты приема пищи и душевые приводятся в соответствие требованиям

апреле и мае высажены саженцы, обустроены цветочные клумбы.

С целью поддержания соответствующего уровня квалификации персонала ведется обучение



**КОНКУРСЫ «ЛУЧШИЙ ПО ПРОФЕССИИ» С НАГРАЖДЕНИЕМ РАБОТНИКОВ, НЕПОСРЕДСТВЕННО СВЯЗАННЫХ С ДВИЖЕНИЕМ ПОЕЗДОВ, ЗА ПРОЯВЛЕНИЕ БДИТЕЛЬНОСТИ, ХРАБРОСТИ И НАХОДЧИВОСТИ В ПРЕДОТВРАЩЕНИИ НАРУШЕНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ СПОСОБСТВУЮТ УЛУЧШЕНИЮ МИКРОКЛИМАТА В КОЛЛЕКТИВЕ.**

санитарных норм. Осуществляется озеленение территории, в рамках акции «Посади дерево» в

работников в виде технических занятий на местах и профессионального обучения в учебных

центрах АО «НК «КТЖ».

Конкурсы «Лучший по профессии» с награждением работников, непосредственно связанных с движением поездов, за проявление бдительности, храбрости и находчивости в предотвращении аварий, крушений и нарушений безопасности движения поездов также способствуют улучшению микроклимата в коллективе.

В ПТО станции Илецк подвели итоги по выполнению производственных показателей за первый квартал текущего года. В результате 1-е место во внутреннем соревновании заняла смена старшего осмотровика-ремонтника вагонов (ОРВ) Ажибая Кахимбаева, 2-е место – смена старшего ОРВ Владимира Штаненберга, 3-е место досталось смене старшего ОРВ Алексея Бодашко. Призеры поощрены наборами бытовой посуды для использования на рабочих местах.

Фото автора

## В ТЕСНОМ ВЗАИМОДЕЙСТВИИ



ПРОФИЛАКТИКА

**На минувшей неделе пассажирку поезда, следовавшего по маршруту Преснегорьковская – Павлодар, госпитализировали с подозрением на неизвестную лихорадку. Сейчас вагон находится в карантинном тупике, соответствующие службы провели первичные противоэпидемиологические мероприятия.**



**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар

По такому сценарию на железнодорожном вокзале прошли тренировочные учения на тему «Лихорадка неясной этиологии». В профилактическом мероприятии приняли уча-

стие медицинские работники областного управления здравоохранения, сотрудники СЭК на транспорте, национального центра экспертизы, линейной полиции на станции Павлодар, ВЖДО, магистральной сети, грузовых перевозок и станция Павлодар.

– По легенде, женщина прибыла из Испании, проводнику она пожаловалась на высокую температуру, головную боль, одышку, боли в мышцах. Информацию передали дежурному на станции Павлодар. По прибытии вагон отцепили и отправили в карантинный тупик. Пациента госпитализировали в областную инфекционную больницу города, контактных перевели в вагон-изолятор, в очаге провели заключительную дезинфекцию, – рассказал руководитель Павлодарского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте Толеген Аязбаев. – В ходе учений подобного рода отрабатывается алгоритм взаимодействия ответственных служб и ведомств. Главная задача

– своевременное выявление и изоляция больного и контактных для предотвращения дальнейшего распространения инфекции.

По окончании учений прошло совещание, в ходе которого разобрали успехи и ошибки задействованных ведомств.

– В связи с нестабильной эпидемиологической ситуацией в мире по карантинным и особо опасным инфекционным заболеваниям в целях недопущения их завоза и распространения на территории Республики Казахстан проводятся такие мероприятия. Как говорится, тяжело в учении, легко в бою. Свои действия отрабатывают и железнодорожники, после делают работу над ошибками. Мы всегда должны быть готовы к развитию любых событий, связанных с распространением вирусов, – сказал главный инженер филиала АО «НК «КТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» Казбек Оспанов.

В мероприятии было задействовано более 60 специалистов 15 организаций. Такие тактические учения проводятся не только на железнодорожном вокзале, но и в аэропорту Павлодара.

Фото Константина ШЕЛКОВА

## ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА – НЕ МЕСТО ДЛЯ ИГР



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Железная дорога всегда считалась местом повышенной опасности, и неумение правильно вести себя в зоне железнодорожных путей, желание сократить путь, излишняя поспешность, невнимательность при переходе путей, нахождение вблизи идущего поезда зачастую приводят к трагическим последствиям.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Развитие технической оснащенности железнодорожного транспорта, увеличение скоростей движения поездов на участке Карагандинской дистанции пути приводят к тому, что становится опасным нахождение вблизи железной дороги, – говорит начальник Карагандинской дистанции пути Абзал Сагимбаев. – Мгновенно в случае необходимости остановить движущийся поезд невозможно, так как его расчетный тормозной путь составляет от 800 до 1 600 метров. Для полной остановки движущегося на полной скорости поезда затрачивается не одна минута. Даже при применении экстренного торможения состав в силу своей огромной массы и скорости продолжает двигаться по инерции.

По участку Карагандинской дистанции пути установленная скорость – до 140 км/час, прохлывает скоростной поезд «Тальго», пассажирские, контейнерные, длиннооставные и тяжеловесные поезда.

Печальная статистика прошлых лет говорит о том, что большинство случаев травмирования происходит по вине

самых пострадавших, которые пренебрегают правилами нахождения вблизи железнодорожных путей или находятся в состоянии алкогольного опьянения.

На участке Карагандинской дистанции пути имеются множество школ, во все направлены письма, а также памятки с правилами прохода через железную дорогу. Но несмотря на это, во время каникул остро встает вопрос о нахождении детей вблизи железнодорожного пути. Они в поисках развлечений и приключений приходят на железную дорогу, устраивают игры, перебегают в неустановленных местах, бросают камни в поезда, накладывают предметы на путь.

Также вызывает тревогу и то, что взрослые не только не обращают внимания на играющих вблизи железнодорожного полотна детей, но и своим поведением подают пример бездумного отношения к собственной безопасности.

Железнодорожники систематически напоминают, что во избежание несчастных случаев запрещается ходить по путям, переходить и перебежать их перед близко идущим поездом, переходить через пути сразу после прохода поезда одного направления, не убедившись в

отсутствии встречного, переходить железнодорожные переезды при закрытом шлагбауме или показании красного сигнала светофора переездной сигнализации, подлезать под вагонами и перелезать через автоцепки для прохода через путь, на электрифицированных участках подниматься на опоры, а также прикасаться к спускам, идущим вдоль опоры к рельсу, приближаться к лежащему на земле электропроводу на расстоянии ближе восьми метров.

В соответствии с Кодексом РК об административных правонарушениях прохождение по железнодорожным путям или нахождение на железнодорожных путях в неустановленном месте влекут за собой наложение штрафа.

– Надеемся, что выполнение этих правил поможет избежать трагедий, и только совместными усилиями мы сможем обезопасить жизнь наших родных и близких. Хотелось бы обратиться к гражданам Карагандинской области: не мешайте движению поездов, не создавайте случаев, угрожающих безопасности, но главное – берегите свою жизнь и жизнь своих детей! – резюмирует Абзал Сагимбаев.

## ПРОВЕРКА НА ДОРОГАХ



**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



АКТУАЛЬНО

**В Костанайском регионе не снижается число экстренных торможений поездов. Причина – халатность и безответственность населения.**

Как сообщил начальник отдела по безопасности движения филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Талгат Нурушев, несмотря на проводимую в регионе железнодорожниками профилактическую работу среди населения, в нынешнем году дистанциями пути ПЧ-21 Кушмурун, ПЧ-22 Аркалык, ПЧ-34 Тобол, ПЧ-35 Костанай допущено увеличение общего количества экстренных торможений поездов по сравнению с прошлым годом. Так, за 5 месяцев 2022 года допущено 34 случая экстренных торможений пассажирских и грузовых поездов по причине нахождения на путях людей и скота, а также несоблюдения водителями автотранспорта правил проезда через железнодорожные пути. Из 34 случаев экстренных торможений в 22 причинной стал безнадзорный скот, в четырех – люди на путях. К счастью, во всех случаях наезды удалось предотвратить.

Для сравнения, за аналогичный период прошлого года произошло 23 случая экстренных торможений. Основная причина – так называемый человеческий фактор, когда безответственность населения привела к появлению скота на путях и т.д.

Для предотвращения подобных фактов железнодорожники предпринимают все возможные меры. В частности, за четыре месяца текущего года сотрудниками Костанайского отделения магистральной сети проведено 123 собрания на станциях и в школах, где присутствовали 7 909 человек. С правилами вывеса скота и прогона через железнодорожные пути ознакомлены 1 944 владельца хозяйств, всего вручено 1 590 выписок кодекса РК. Акимам сельских округов направлено 158 писем, вывешено 28 лозунгов, плакатов. Также был проведен 191 рейд на железнодорожных переездах, ознакомлены с правилами проезда через пути 3 667 водителей, проведены беседы на 33 предприятиях региона.

– Тем не менее, люди продолжают нарушать эти правила, – говорит Талгат Нурушев. – В связи с этим обращаемся к жителям региона. Для сохранности своих жизней и имущества, скота, обеспечения безопасности движения поездов по Костанайскому отделению магистральной сети убедительная просьба соблюдать правила дорожного движения Республики Казахстан, правила проезда по железнодорожным переездам, а также правила нахождения на путях! Не оставляйте домашний скот без присмотра и помните, что речь идет о ваших собственных жизнях, здоровье, имуществе.

## ПОЖАР НА НЕФТЕБАЗЕ



**Ольга УШАКОВА,**  
Оскемен



УЧЕНИЯ

**Пожарный поезд на станции Оскемен-1 принял участие в республиканских пожарнотактических учениях департамента по чрезвычайным ситуациям Восточно-Казахстанской области по тушению условного пожара на нефтебазе.**



По легенде, произошло возгорание одного из резервуаров в ТОО «Petro Retail». Сотрудники объекта в кратчайшие сроки оповестили дежурные службы о случившемся, и в считанные минуты на территорию прибыли пожарные подразделения – 62 человека. На место происшествия прибыл и пожарный поезд, включая 15 человек личного состава.

В ходе разведки было установлено, что открытым пламенем горит крыша резервуара, а один из сотрудников остался в зоне пожара и не может самостоятельно покинуть опасную зону. Он получил серьезные травмы.

В специальных костюмах пожарные вынесли пострадавшего из задымленного и охваченного огнем помещения и передали его прибывшим медработникам центра медицины катастроф.

На втором этапе учения сотрудники службы пожаротушения подали воду для охлаждения горящего резервуара, чтобы предотвратить его деформацию и разрушение. Одновременно подавалась вода для охлаждения двух соседних резервуаров.

Третий этап отработки действий – тушение горящего резервуара с помощью так называемой пенной атаки.

Благодаря слаженным совместным действиям сотрудников нефтебазы, подразделений ДЧС и пожарного поезда на станции Оскемен-1 условный пожар был ликвидирован в нормативные сроки. Руководители учений поставили их участникам оценку «отлично».

По словам заместителя руководителя Семейского отделения магистральной сети Алибека Шуманова, такие учения позволяют эффективно отрабатывать навыки совместной деятельности служб ДЧС и пожарного поезда на станции Оскемен-1, в том числе в тушении огня.

Для этого в пожарном поезде на станции Оскемен-1 есть все необходимое. К сожалению, Зашитинский регион – единственный, где нет предприятия «Темиржолсу», а пожарные гидрокраны находятся в нерабочем состоянии, поэтому железнодорожникам приходится заправлять воду из пожарного гидранта филиала РГП на ПХВ «ОскеменВодоканал».

Фото автора



## Медпойыз

### «ЖӘРДЕМ» – БОЛАШАҚ СТАНЦИЯСЫНДА

Екі жыл үзілістен соң қайта жолға шыққан медициналық пойыздарды жұртшылық сағынып-ақ қалыпты. Маңғыстау өңіріне келген ақжолтай пойыз түбектегі қызметін ел шегіндегі Түркіменстанмен шекаралас Болашақ станциясынан бастады.

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Алты жүзден астам адамның басын құрайтын Болашақ кентінің тұрғындарына медициналық қызмет аударай қажет-ақ еді. Шалғайдағы станцияда бар болғаны фельдшер қызмет көрсететін медпункт болмаса, басқадай медициналық қызмет жоқтың қасы. Сондықтан жылжымалы емхана қызметін пайданашылар қарасы дегеннен мол болды, бүкіл Болашақ жұртшылығы станцияға лап қойды десек болады. Жас та, көрі де тегін дәрігерлік қызметтен құр қалмауға тырысты. Негізінен әйелдер мен балалардың қарасы қалың еді.



Күні бұрын жасалған хабарламаның нәтижесінде таңертеңгі тоғызда кезекке тұрғандар қалаған мамандарына кіріп қаралуды

бастады. Әсіресе ультратыбыстық аппараттар көмегіне жүгінгендер көп болды. Жүрек-қан тамыр аурулары мен қан қысымы аймақта ең кең таралған аурулардың бірі ретінде тіркелді. Дәрігерлер табиғаты қатал, жазы өте ыстық та аңызқ далада қоныс тепкен болашақтықтардың дертіне шипа болуға тырысып, ем-дом белгілеп, ары қарай емделуге кеңес беріп жатты...

– «Жәрдем» пойызының мамандары станциямызда екі күн болып, тұрғындарды түгелге жуық қабылдады. Болашақ халқы өте риза болды. Бірінен соң бірі келіп, пойыздың алдын босатпады. Денсаулық жағдайын тексертіп, барлық заманауи аппараттар қызметін пайдаланды. Ауылда дәрігерлік амбулатория бар. Бірақ онда тек бір медбике жұмыс істейді. Дәрігер болмағандықтан ауыл тұрғындары басы ауырып, балтыры сыздаса, сол медбикеден жолдама алып, қаралуға қалаға сабылуға мәжбүр. Аудан әкімдігі мұнда келетін дәрігер табылмай тұрғанын алға тартады. Келетін маман болса Болашаққа жіберуге әзір екенін айтады. Сондықтан бұл пойыздың келуі біздің тұрғындар үшін өте қуанышты жаңалық, дер кезінде жеткен көмек болды, – дейді Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков.

Медпойыз Болашаққа 26-27 мамыр күндері таңертеңгі сағат 9:00-ден кешкі 18:00-ге дейін жұмыс істеді. Осы уақыт аралығында пойыздағы жиырма шақты маманға станцияның 272 тұрғыны жүгінді. Оның 17-сі балалар, қалғаны ересектер еді. Пойыз одан әрі Жетібай станциясына жол тартты. Алда Қарақия, 10-бекет, Сай-Өтес, Үстірт, Тұрыш, Опорная станциялары тұр...

*Суреттерді түсірген автор*

## Конкурс



### МИР ГЛАЗАМИ ДЕТЕЙ



В минувшую пятницу в Карагандинском отделении ГП состоялась торжественная церемония награждения участников и победителей конкурса детских рисунков «Әлем балалар көзімен» – «Мир глазами детей».

Организатором мероприятия выступил Карагандинский филиал АО «Казхстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» в лице председателя Яхия Альмусина.

Для детей и взрослых последний трудовой день недели стал по-настоящему радостным. Из рук гостей из столицы ребята получили дипломы и подарки, при этом никто из них не остался без внимания.

Конкурс детских рисунков «Әлем балалар көзімен» – «Мир глазами детей» проводился с 18 по 29 апреля и был приурочен к Году детей, объявленному Президентом РК Касым-Жомарт Тоқаевым.

По словам Яхия Альмусина, детям необходимо уделять особое внимание, так как их благополучие – надежная гарантия дальнейшего процветания Казахстана. Конкурс рисунков проводится ежегодно и стал уже традиционным.

– Каждый рисунок заряжает взрослых позитивными эмоциями. Спасибо за частичку радости, которую вы подарили нам, – сказал он.

Членам жюри пришлось нелегко в выборе победителей, так как каждая работа юных художников по-своему уникальна. Яркие рисунки

с изображением животных, птиц, деревьев и цветов свидетельствуют о том, что дети мечтают о мирном небе над головой. Все их желания и мысли воплощены на альбомных листах.

По итогам конкурса жюри выбрало 18 победителей по трем номинациям: «Как прекрасен этот мир», «Мир, который я вижу», «Казахстан, который я знаю». Кроме того, дети в двух возрастных категориях отмечены подарками и денежными премиями.

Первое призовое место в возрастной категории от 5 до 8 лет завоевала Томирис Тоимбекова (Карагандинское отделение магистральной сети), Жунис Ахмедиев (АО «Вагон-сервис»), Айзере Карибаева (отдел первой линии поддержки, Караганда), в возрастной категории 9-12 лет – Айсара Ерлисова (Карагандинское отделение грузовых перевозок), Алина Кудва (Академическая машинизированная дистанция пути), Дарья Мироненко (Карагандинская дистанция сигнализации и связи).

В заключительной части мероприятия взрослые поздравили детей и пожелали им дальнейших творческих успехов.

**Светлана МОГАЙ,** Караганда  
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ҚАЛА ӘКІМІ АЛҒЫС АЙТТЫ

Семей магистральдық желі бөлімшесінің теміржолшылары қоғамдық іс-шараларда мейлінше белсенді. Әсіресе, вокзал шаруашылығының қызметкерлері қаланың бас қақпасын көркейтуді, абаттандыру және түрлі экологиялық акциялар жүргізу бойынша әріптестерінен көш бойы озық келеді.

Биылғы көктемнен бастап вокзал шаруашылығы қызметкерлері аумақты көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Вокзал маңына тал көшеттері отырғызылып, әр апта сайын сенбілік жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Семей шаһарының қайтадан құрылатын Абай облысының

орталығы болады деген жақсы жаңалық семейліктердің құлшынысын тіпті арттыра түскендей. Кеше жергілікті атқарушы билік өкілдері тазалық және көріктендіру шараларын ұйымдастыруда белсенділік танытқан бірқатар қызметкерлер еңбегіне алғыс айтылып, қала әкімінің мақтау




қағазы табыс етілді. Аға буын өкілдері болса да, жастарға ісімен үлгі бола білген вокзал бастығының кезекшісі

көмекшісі Диана Исалова, анықтама беру бойынша кезекші Майнұр Орымбаева мен оның әріптесі Тоғжан Жұмағалиева есімдері құрметпен аталып, еңбектері жастарға үлгі етілді.

– Шаһар қақпасы саналатын вокзалдың көрер көзге көрікті, тартымды әрі барлық талапқа сай болмағы бірінші кезекте оның қызметкерлеріне байланысты. Абай облысы орталығының бас теміржол қақпасы – вокзал бұл үдеден шығады деп сендіреміз, – дейді пікір білдірген НЖС-6 бастығының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Ерлан Байтұрсынұлы.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,** Семей  
*Суретті түсірген автор*

## ПОЙЫЗДА ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ



БӘРЕКЕЛДІ!

Отандық жолсеріктер тағы бір баланың кіндік әке-шешесі атанды. Демалыс күндері №626 «Астрахань-Атырау» жолаушылар пойызында балпаңақтай қыз бала дүниеге келді.

Оқиға желісіне келсек, Кенжегүл Қайырболатова есімді жүкті әйел Ганюшкинодан Атырауға бесінші вагонмен келе жатқан. Құрам Ганюшкино станциясынан жөнелтілгеннен кейін таңғы сағат 5-те «Аққыстау-Атырау» аралығында Кенжегүлдің толғағы басталады. Пойыз бастығы Сәуле Ильясова бастаған жолсеріктер шұғыл түрде тиісті әрекеттерге көшіп, нұсқаулыққа сәйкес машинистке ха-

барлап, жедел медициналық жәрдем бригадасын жақын маңдағы станцияға шақыртады. Алайда, толғақ жиілей түседі. Барлық жағдайға дайын болуға бел буған жолсеріктер Мырзагүл Қаражігітова, Марианш Оразғалиева және Лаура Камалова көп ұзамай жас анаға көмек көрсетіп, сағат 05:30-да қыз баланың жарық дүниеге аман-есен келуіне себепші болады.

Жолаушылар тасымалында 15

жыл жұмыс істеп келе жатқан Сәуле Ильясова мұндай жағдайға алғаш рет тап болып отырғанын айтады.

– Компаниямызда стандартты емес жағдайларда әрекет етуге үйретеді және біз әрқашан жолаушыларға көмек көрсетуге дайын болуымыз керек, осыған дейін пойызда дүниеге келген балаға кіндік шеше болған әріптестерімізге қызға қарап жүретінбіз, міне, өз басымызға да келіп, біз де қызды болдық, – деп күлді телефонмен хабарласқанымызда Сәуле Ильясова.

Атырау станциясында жаңа туған сәбиді анасымен бірге «жедел жәрдем» көлігі күтіп алған. Өз кезегінде, Кенжегүл Қайырболатова дер кезінде көмек көрсеткен барлық жанға шексіз алғысын білдірді.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## ХРАНИТЕЛИ ИСТОРИИ



ЭКСПУРСИЯ

Студенты второго курса Высшего колледжа транспорта и коммуникаций посетили музей Астанинского эксплуатационного локомотивного депо.

Познавательную экскурсию для них провел Почетный железнодорожник Владимир Ульяновко. Без малого 50 лет он посвятил работе на железной дороге и вышел на заслуженный отдых с должности машиниста-инструктора. Являясь настоящим хранителем истории локомотивного депо, многих людей, чьи фото и документы сегодня стали экспонатами музея, он знал лично.

Вниманию посетителей музея истории локомотивного депо представлены три зала, каждый из которых символизирует определенный промежуток – историю становления депо в 30-е годы прошлого века и работу в годы войны, послевоенное время и современность.

В каждом из них ребята с интересом разглядывали представленные экспонаты – массивные инструменты, которыми пользовались в повседневной работе железнодорожники прошлого века, и другой инвентарь, учебные пособия, предметы быта, сохранившиеся до наших дней награды и документы машинистов. Интерес вызвали и макеты первых паровозов, тепловозов и электровозов, когда-то поступивших на вооружение столичного депо. К слову, в свое время их мастерили такие же юные студенты железнодорожного колледжа. Владимир Васильевич и сам в 1978 году окончил этот колледж. Обзор каждого экспоната он сопровождал детальным и обстоятельным рассказом, основанном на глубоких знаниях истории развития железных дорог Казахстана и своих личными воспоминаниями.

Залы музея постоянно пополняются новыми экспонатами – работники депо приносят ценные вещи из своих семейных архивов. Так, бывший машинист Александр Алексеев, увлекшийся живописью, маслом на холсте мастерски запечат-



лел современное здание столичного депо, оживил паровоз. Теперь его картины хранятся в музее. Переданы в дар музею награды и музыкальные инструменты духового оркестра машинистов и ансамбля железнодорожников-ветеранов «Надежда». Сегодня солисты на заслуженном отдыхе. Среди новых экспонатов можно увидеть статуэтки казахских просветителей Абая Қунанбаева, Ибрая Алтынсарина и Абылай-хана.

– Мы узнали много нового и интересного о железной дороге и еще больше погрузились в профессию. Такие познавательные экскурсии мотивируют нас на успешную учебу, – поделился студент Дарын Төлеубай, отдельно отметив большой профессиональный опыт и увлекательную манеру подачи информации Владимиром Ульяновко.

Искренние и теплые слова благодарности ребята после экскурсии оставили в книге отзывов. В свою очередь Владимир Васильевич, говоря слова напутствия будущим железнодорожникам, подчеркнул, что профессия эта очень ответственная, и с каждого из них будет строгий спрос, потому что работники в отрасли в ответе не только за многомиллиардные грузы, но за самое ценное – жизнь пассажиров.

**Любовь РОВБА**  
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ЭНЕРГИЧНАЯ ИГРА



СПОРТ

В Алматы прошел турнир по настольному теннису среди работников региона.



Достаточно грамотно и профессионально играли мужчины. Спортсмены продемонстрировали превосходную координацию на игре.

Осмотрщик-электрик вагонов Алматинского филиала «Вагон-сервис» Сергей Гуменюк на протяжении многих лет является неизменным участником и занимает призовые места в этом виде спорта. Теннисист отличился скоростью, направлением и вращением мяча, положение соперника во время удара. В финале со счетом 2:1 он завоевал первое место и путевку на летнюю спартакиаду.

Не менее виртуозно играл его соперник – работник филиала АО «ВЖД» Жарылкасын Ниязкулов. Он продемонстрировал тактические комбинации, молниеносную реакцию и занял вторую позицию. По взмахам руки, точным ударам отметили и профессиональные данные теннисиста Нуржана Джаманова из Федерации профсоюзов, который занял третье место. Стоит также отметить, что все претенденты на призовые места показали высокую технику исполнения. По словам инструкторов по спорту

Алматинского филиала «Казпрофтранс», настольный теннис прочно вошел в жизнь железнодорожников и занял доминирующие позиции наряду с шахматами и мини-футболом. Стоит отметить, что в теннис играют только целеустремленные люди, а таких в регионе немало. Все участники соревнований награждены грамотами и ценными подарками.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,** Алматы  
*Фото автора*



КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Нөмірзақова**

Газет басылатын қалалар:  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000  
Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
**Л. Ровба, С. Бакесова**

Меншікті тілшілер:

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдрібаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Кудбаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубайбаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.